

Хромтау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 421 "2020-2022 жылдарға арналған Тассай ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 483 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 шілдеде № 7284 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 109-1 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Хромтау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Хромтау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 421 "2020-2022 жылдарға арналған Тассай ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6781 тіркелген, 2020 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта

1) тармақшасында

кірістер - "19 242,0" сандары "22 429,0" сандарымен ауыстырылсын;

оның ішінде:

трансферттер түсімдері - "17 528,0" сандары "20 715,0" сандарымен ауыстырылсын.

2) тармақшасында

шығындар - "19 242,0" сандары "22 429,0" сандарымен ауыстырылсын;

3 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 31 183 теңге;

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш 2 778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 32 668 теңге көлемінде белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын."

2. Көрсетілген шешімдегі 1 қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Хромтау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Хромтау аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Ж. Нуримов

Хромтау аудандық мәслихатының хатшысы

Д. Мулдашев

Хромтау аудандық мәслихаттың

2020 жылғы 29 маусымы

№ 483 шешіміне қосымша

Хромтау аудандық мәслихаттың

2020 жылғы 20 қаңтардағы

№ 421 шешіміне 1 қосымша

2020 жылға арналған Тассай ауылдық округ бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	атауы	сомасы (мың теңге)
			1. Кірістер	2 2 429,0
1			Салықтық түсімдер	1 714,0
	01		Табыс салығы	443,0
		2	Жеке табыс салығы	443,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 271,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	46,0
		3	Жер салығы	55,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 170,0
4			Трансферттердің түсімдері	2 0 715,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 0 715,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	2 0 715,0

функционалдық топ	кіші функция	бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	бағдарлама	атауы	сомасы (мың теңге)
				II. Шығындар	2 2429,0
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 4129,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	1 4129,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 4129,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 4129,0
07				Тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық	2 500,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	2 500,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 500,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	800,0
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1 700,0
12				Көлік және коммуникация	4 000,0
	1			Автомобиль көлігі	4 000,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 000,0
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4 000,0
13				Басқалар	1 800,0
	9			Басқалар	1 800,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 800,0
			040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	1 800,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК